

## **"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 338 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 шілдеде № 4958 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 04.01.2017 № 2 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 225 "Қостанай облысының ауыл шаруашылығы департаменті" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" қаулысының 2-тармағы жойылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

Әкімдіктің  
2014 жылғы 14 шілдедегі  
№ 338 қаулысымен бекітілген

## **"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінде жұмыс уақытының ұзақтығы демалуға және ас ішуге арналған сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін белгіленеді.

Қызметкерлер үшін екі демалыс күнімен бес күндік жұмыс аптасы белгіленген.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық – құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әль-Фараби даңғылы, 56.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, міндеті, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу болады.

15. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеті аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру болып табылады.

16. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асырады;

4) агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады, агроөнеркәсіптік кешен кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) шығарылатын өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

6) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

- 7) азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарының мониторингін жүзеге асырады;
- 8) азық-түлік тауарларын сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
- 9) агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдеседі;
- 10) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуға, күтіп-ұстауға және реконструкциялауға жәрдемдеседі;
- 11) жоғары сыныпты асыл тұқымды малды сатып алуға, ұстауға және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруге жәрдемдеседі;
- 12) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өткізілген бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың құнын арзандатуға жәрдемдеседі;
- 13) зиянды организмдерге қарсы күрес жөнінде іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 14) азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсынуды жүзеге асырады;
- 15) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыруға жәрдемдеседі;
- 16) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыруға жәрдемдеседі;
- 17) кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекітуді қамтамасыз етеді;
- 18) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауды жүзеге асырады;
- 19) агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тартуға жәрдемдеседі;
- 20) бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасауға жәрдемдеседі;
- 21) тоған, тауарлы көл, балық өсіретін су шаруашылықтарын және балықты

қайта өңдеу кәсіпорындарын дамытуға жәрдемдеседі;

22) мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасауға жәрдемдеседі;

23) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытудың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісілген жергілікті бюджеттік басым инвестициялық жобаларының және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі жобалардың тізбесін жасауды жүзеге асырады;

24) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде сатып алу және тауар интервенцияларын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорының жаңартылуын жүргізу туралы шешімдердің жобаларын әзірлейді;

25) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдардан қызметтер сатып алуға жәрдемдеседі;

26) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияны құру жөнінде шаралар қабылдайды;

27) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

28) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

29) тұқым шаруашылығы субъектілеріне тиісті куәлік бере отырып, аттестаттауды жүргізеді;

30) байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларын есепке алуды жүзеге асырады;

31) облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасайды;

32) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

33) тиісті куәлік бере отырып, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттауды жүзеге асырады;

34) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

35) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізеді және басып шығарады;

36) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізеді;

37) құндылығы жоғары асыл тұқымды малды тиімді пайдалану мақсатында

бағалау туралы деректерді қорытады және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

38) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асырады;

39) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

40) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

41) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыруға, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіруге және енгізуге жәрдемдеседі;

42) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асырады;

43) ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақтылы қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдайды;

44) астық қабылдау кәсіпорындарын бақылауды жүзеге асырады;

45) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

46) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

47) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

48) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

49) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

50) алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

51) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды;

52) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады;

53) астық сапасын және қауіпсіздігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

54) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялауды (тексеру) жүзеге асырады;

55) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

56) астықтың, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

57) тұқымдардың мемлекеттік ресурстарының саны-сапасы жағынан жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

58) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

59) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

60) биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыреті шегінде іске асырады;

61) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 17.11.2014 № 574 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.02.2016 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз қызметін басқа да атқарушы билікпен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асыру;

2) заңнамамен белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде жергілікті мемлекеттік басқару органдары және басқа да ұйымдардан (сұратулар негізінде) қажетті ақпараттық материалдарды алу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алу, мемлекеттік органдарда, ұйымдарда өз мүдделерін ұсыну;

4) "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімі және әкімдігі қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына

ұсыныстар енгізу;

5) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша бағдарламалар әзірлеуге және іске асыруға қатысу үшін басқа да ұйымдар, басқармалар мен ведомстволардың мамандарын тарту;

6) өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдармен және шетел ұйымдарымен ынтымақтастықта болу;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапты болады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшы қызметкерлерінің (бөлім басшыларының) міндеттерінің шеңберін белгілейді;

2) "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, оның ішінде жеке еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

3) өз құзыреті шегінде "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесін ұсынады;



5) "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

б) басқа басқармалармен және ведомстволармен бірлескен шешімдер қабылдайды.

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.